



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс- служба Министерства юстиции РК).....	5
70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и настав- никах - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечест- венной войны.....	13
Конституционное и административное право	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституцион- но-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	18 23
Гражданское и гражданско-процессуальное право	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
Уголовное право и уголовный процесс	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континенталь- ном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилеи	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Әбдіреева Мағия Әбдірейқызы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
 НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми
 лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері*

ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕР ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылған. Осыған орай, мемлекеттік тіл саясатындағы түйткілді мәселелерді шешу, елдегі тілдік ахуалды жақсарту мақсатында 2001 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің № 550 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы қабылданды. Мұнда да мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздары салаларында, Қазақстан Республикасының қарулы күштері мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте дамыту басымдықтардың бірі ретінде көзделген.

Бірақ осы қағиданы ойдағыдай жүзеге асыруда мемлекеттік органдарда нақты әрекет тіпті жеткіліксіз.

Қолданыстағы заңнамаға және заң шығарудың әлемдік практикасына сәйкес заң жобалары мемлекеттік тілде әзірленуге тиіс.

Заң жобаларына лингвистикалық сараптаманы жүргізуде нормативтік құқықтық актінің мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерінің талаптары тілдік нормалармен байланыста қаралады. Бұл ретте сараптаманы жүргізуде басшылыққа алынатын талаптардың бірі ретінде «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 3-тармағындағы «Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары мен заң терминологиясы сақтала отырып жазылады. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді.

Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ ережелер болмауға тиіс. Баптың (тармақтың) мәтіні басқа баптарда (тармақтарда) қайталап жазылмайды» - деген ережені атауға болады.

Мемлекеттік тіл мемлекеттің ісі болғандықтан, заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу ісі де мемлекеттік деңгейде қойылуға тиіс. Алайда бізде заң жобалары және басқа да құжаттар алдымен орыс тілінде дайындалады да, содан кейін барып мемлекеттік тілге аударылады. Мемлекеттік тіл дамуының қазіргі деңгейінде құжат тілі сол аудармашы мамандардың күшімен орнығып келеді десек болады.

Құжат мәтінін, әсіресе заң тіліндегі нормаларды дәл жеткізуде әртүрлі сөздіктерді, энциклопедияларды ақтаруына тура келеді, осылайша ресми тілімізді қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады. Алайда аудармамен алысқа ұзай алмайтынымыз тағы да анық. Біздің түпкі мақсатымыз – мемлекеттік тілде жұмыс істеп, құжатты тікелей мемлекеттік тілде дайындау. Бірақ осы талапты жүзеге асыруда мемлекеттік органдар салғырттық танытып келеді.

Заң жобалары ресми тілде жазылып, содан соң мемлекеттік тілге аударылады. Енді осы аудармалардың сапасына, терминдердің қолданылуы мәселелеріне келетін болсақ, бұл жерде проблемалар жеткілікті. Біріншіден, заңдардың, келісімдер мен шарттардың, конвенциялардың жобалары мен басқа да құжаттар бірнеше ай бойы орыс тілінде дайындалады, содан кейін барып олар мемлекеттік тілге аударылады. Осы жерде айта кететін бір жайт, бұлар Үкіметке енгізердің алдында асығыс, шұғыл түрде аударылады. Ал оларды аударуға аудармашыларға тым аз уақыт беріледі. Асығыс жасалған дүниеде қашан да шикіліктер көп болады.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларының

орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып жүргендігі мәселесін мамандар айтып та, жазып та жүр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, жалғыз аудармашының ой-өресіне байланып, бір қайнауы ішінде, шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Мәселенің түйіні нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қазақ тілінде әзірлеуде жатыр. Сонда ғана бірнеше сатыда алуан түрлі мамандар талқысынан өткен әмбебап терминдер қалыптасар еді.

Терминология бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала.

Мәселен, “процесс” сөзіне келсек, ол жаратылыстану ғылымында да, гуманитарлық салада да, құқық теориясы мен практикасында да кездеседі.

Мағыналық ауқымының кеңдігіне орай бұрын “процесс” деп алынып жүрген осы сөзді Терминком “үдеріс” деп бекітті. Түбірі қазақ тіліндегі “үдеру” деген сөзден шығатын осы “үдерістің” “процеске” мағыналық жағынан тура балама бола қоярына күмәніміз бар.

Жалпы, қандай сөзді алсақ та ол алдымен санада сәулеленеді, яғни белгілі бір құбылыстың, нәрсенің бейнесін береді. Ал “үдеріс – үдеру” деген сөз Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі “үдере көшу” тіркесінен түсінетініміздей, жаппай әрі асығыс жасалып жатқан “үдере көшу” сияқты қарбалас тірлікті көз алдымызға әкелмей ме.

Орыс тілінде “процестен” туындайтын “процессуальный” деген сөз бар. Егер “процесс” сөзі “үдеріс” деп алынатын болса, соған сәйкес “процессуальный” дегеніміз “үдерістік” деп аударылады. Сонда “Уголовный процессуальный кодекс” – “Қылмыстық үдерістік кодекс” (үдеру кезеңіндегі кодекс), “процессуальное положение” – “үдерістегі жағдай” (үдеру кезіндегі жағдай), “процессуальные документы” – “үдерістік құжаттар” (үдеру кезіндегі құжаттар) деген тіркестердегі “үдеріс” деген сөз “процестен” өзгеше, мүлдем басқа ұғымға бұрып тұрған жоқ

па. Сондықтан “Процесс” сөзінің осы баламасы жөнінде әлі де жақсылап ойлану керек секілді. Бұл сөз де ендігі жерде әр сөздікке әртүрлі формада кіріп, жарыспалы терминдер қатарын көбейте ме деп қорқамыз деген Парламент Мәжілісі аппаратының Редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Дәуітәлі Омашұлының қисынды пікірін орынды деп білеміз.

Сол сияқты, осы салада «производство» деген сөз де «іс жүргізу» (мысалы, «производство по делу» – «іс бойынша іс жүргізу», «досудебное производство» – «сотқа дейінгі іс жүргізу», «судопроизводство» – «сот ісін жүргізу») деп аударылып, дұрыс қолданылып жүр. Оның үстіне, осы салада «процесс» сөзі қазақ тіліне аударылмай сол күйінде алу тәжірибесі де бар.

Ал «процессуальный» сөзі «процесс» сөзінен туындайды. Орыс тіліндегі түсіндірме сөздік авторлары (Т.Ф. Ефремова, Д.Н. Ушаков) берген анықтама да осы сөзімізді айғақтайды. Сондықтан, «процессуальный» деген сөзді «процестік» деп алған жөн. Мемлекеттік терминология комиссиясы да «процессуальный» деген сөздің қазақша нұсқасын «процестік» деп бекітті. Және осылайша қолдану тәжірибесі де бар. Мәселен, Қылмыстық-процестік кодекс, Азаматтық процестік кодекс, т.б. Бірақ қолданыстағы басқа заңдарда бұл «процессуальный» сөзі сол баяғы «іс жүргізу» қалпында қолданылып жүр.

Тілімізде «процессуальный» сөзінен туындайтын бірқатар тіркестер де орынығып, қолданысқа түсу үстінде десек, артық айтқандық емес. Мәселен, процессуальное законодательство – іс жүргізу заңнамасы, процестік заңнама; процессуальное право – іс жүргізу құқығы, процестік құқық; процессуальное действие – іс жүргізу іс-әрекеттері, процестік әрекеттер; процессуальное решение – іс жүргізу шешімі, процестік шешім; процессуальный прокурор – іс жүргізетін прокурор, процесс прокуроры; процессуальный срок – іс жүргізу мерзімі, процестік мерзім.

Тіліміздегі, оның ішінде ұлттық заңнамадағы терминдерді бір ізге түсіруіміз қажет. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысы қолға алуды қажет ететін, кезең күттірмейтін үлкен міндет деп есептейміз.

Қазір жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктердің өзі ала-құла. Кәсіби, салалық,

ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Заң, медицина, техника, экономика, әлеуметтану, саясаттану, тағы басқа салалардың өзіне тән терминдері мен атау сөздерін бір ізге түсіру де әлі басталмаған жұмыс.

М. Ізімұлының 1999 жылы шыққан “Заңи терминдердің түсіндірме сөздігі” деген еңбегінде “неустойка” сөзі “тұрақсыздық айыбы” (210-бет) деп алынған. Алайда бұл сөз 2000 жылы шыққан 31 томдық сөздіктің “Юриспруденция – Заңтану” атты 30-томында “айып төлеу” (261-бет) деп алынған. “Айып төлеу” дегеніміз “оплата штрафа” емес пе? Ал енді 2009 жылы жарық көрген “Заңдарда жиі қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігінде” аталған сөз “айып төлеу”, “айыпақы” және “тұрақсыздық айыбы” деп үш түрлі аударылғанын (13, 299-беттер) мамандар (Дәуітәлі Омашұлы) анықтаса, қолданыстағы заңнамада Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен де осындай ала-құлалықты көруге болады.

Енді “осмотр”, “обследование”, “проверка”, “расследование” сөздері жөнінде. “Юриспруденция – Заңтану” сөздігінде “осмотр” – “қарау” (273-бет), “обследование” – “тексеру” (265-бет), “расследование” – “тергеу” (309-бет) деп алынғанына қарамастан, заңдарда жиі қолданылатын терминдер сөздігінің 172 және 311-беттерінде “осмотр”, “обследование”, “проверка”, “расследование” деген сөздер “тексеру” деген бір ғана сөзбен аударылыпты. Мұндағы “тексеру” дегеніміздің өзі “проверка”. Аталған жағдай тәжірибесі аз аудармашыны шатасуға ұрындырады. Осындағы “осмотр” сөзін – “қарап тексеру”, “обследованиен” – “зерттеп тексеру” деп бекітсе, жөн болар, “расследование” дегеніміз бұрыннан “тергеу” болып қолданылып жүргендігі бесененден белгілі.

Осы саладағы жұмыстар алға басуы үшін сөздіктер мәселесі мықтап қолға алынуға

тиіс. Қоғам өмірінің экономика, ғылым-білім, мәдениет пен өнер сияқты секторлары өз кезегінде сала-салаға тарамдалып кететіні белгілі. Міне, осы салалардың әрқайсысында басшылыққа алынатын сөздіктері болуға тиіс. Осы салада шығып үлгерген барлық сөздіктердегі қамтылған сөздер екшеліп алынуы керек. Сөйтіп, ол баршамыз басшылыққа алуға тиісті міндетті басылым болуы керек. Бұл – үлкен жұмыс. Бір институттың жұмысы. Біліктілік пен білімді қажет ететін аса қиын әрі күрделі жұмыс. Алайда бұл – аса қажет жұмыс. Сондықтан терминографиядағы осы істі, қанша қиын болса да, қолға алатын уақытты өткізіп алмау керек. Заман ағымына ілесіп отыру үшін, көштен қалып қоймау үшін бұл – аса қажет іс.

Осындай сөздіктерді жасау ісінің алғашқы тәжірибесі ретінде қазіргі күні заңнама мәтінін әзірлеумен айналысатын заңгер-мамандарға, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерге лингвистикалық сараптама жүргізетін әртүрлі мамандарға, заңтанумен шұғылданатын ғалымдарға, көпшілік оқырмандарға таптырмас көмекші құрал – Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін (сөздікті құрастырып, жалпы редакциясын жүргізген М.А. Айымбетов) атауға болады.

Сөздікте қолданыстағы заңдарда кеңінен пайдаланылып жүрген, әрі қабылданған заң терминдері мен терминдік тіркестердің екі тілдегі нұсқасы қамтылып, баламалық атаулар жүйеленген. Сонымен бірге, сөздікте терминдік қолданыстың екіұдайылығын болғызбау, бірізділіктің сақталуы мәселелерін шешу міндеттері қойылып, ол айтарлықтай шешімін тапқан деп білеміз.

Сондықтан «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» кәсіби, салалық, ғылыми терминдерді бір ізге түсіріп, стандарттау және өзара үйлестіру жұмысындағы алғашқы тәжірибе, тың бастама, нәтижелі жұмыс екендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 бет.
2. Толковый словарь русского языка Под ред. Т.Ф. Ефремова, Д.Н. Ушакова
3. М. Ізімұлы. Заңи терминдердің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 1999 ж.
4. «Юриспруденция – Заңтану» сөздігі. 30 томдық сөздік. – Алматы 2000.
5. Д. Омашұлы «Заң қай тілде жасалып жатыр?» Егемен Қазақстан, 2010 ж.
6. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін (сөздікті құрастырып, жалпы редакциясын жүргізген М.А. Айымбетов). – Астана, 2011.

7. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы
8. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі, 2014 ж.
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2007 ж.



Мақалада заңнамалық актілерді аударуда кездесетін түйткілді мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық заңнама тілі, аударма мәселелері, тең түпнұсқалық.

В статье рассматриваются проблемные вопросы, возникающие при переводе нормативно-правовых актов.

Ключевые слова: язык законодательства, проблемы перевода, аутентичность.

The article discusses the problem questions arising up during translation of normatively-legal acts.

Keywords: language of legislation, problem of translation, authenticity.

Мағия Әбдірейқызы Әбдіреева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері

Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы

Абдреева Магия Абдрейқызы,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

О проблемах совершенствования языка законодательных актов

Abdreeva Magic Abdreykyzy,

Senior Researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

About problems of perfection of language of legislative acts

